

## Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебін құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 29 август N 1845.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1998.11.14. N 4152  
Жарлығымен. ~U984152

Жоғары әкімшілік кадрларын даярлау, мемлекеттік аппаратқа Қазақстан Республикасының жоғары білімді азаматтарын тарту мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі /ҰЖМБМ/ құрылсын. Бұл мақсат үшін Қазақстанның Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институтының /ҚМЭБИ/ материалдық-техникалық базасын пайдалануға рұқсат етілсін. <\*>

Ескерту. 1-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.05.19. N 2289 Қаулысымен. K952289\_

2. Қазақстан мен Франция мемлекеттері басшыларының уағдаласуына сәйкес француз тарапынан аталған Мектепті ұйымдастыруда және тиісті әдістемелік, кадр жағынан әрі материалдық көмек көрсетуде Француз Ұлттық Әкімшілік ету Мектебінің /ҰӘМ/ қатысатыны туралы Қазақстан Республикасындағы Франция Елшілігінің ұсынысы еске алынсын.

3. ҰЖМБМ директорын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды деп белгіленсін. <\*>

Ескерту. 3-тармақтың 1 абзацы және сөздер алынып тасталды -  
ҚР Президентінің 1996.06.19. N 3041 жарлығымен. U963041\_

4. Қамқоршылар Кеңесі Француз ҰӘМ-нің мамандарымен бірлесе отырып 1994 жылғы 1 қазанға дейін Француз Ұлттық Әкімшілік ету Мектебінің және басқа осындай шет ел оқу орындарының бағдарламалары негізінде екі жылдық академиялық бағдарлама әзірлейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының министрлер Кабинеті /Ә.М.Қажыгелдин/ 1994 жылғы 10 қыркүйекке дейін қабылдау комиссиясын құрып, осы Мектепке жоғары білімі бар 35 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтарынан 15 адам тыңдаушы қабылдайтынын жарияласын. Бұл орайда 7 тыңдаушы министрліктердің басшыларынан /басқарма бастығынан төмен емес деңгейдегі/, облыстық және қалалық деңгейдегі басшылардан тиісті министрліктердің /ведомстволардың/ және облыстық әкімшіліктердің кепілдемесімен қабылдансын. Тыңдаушылардың барлық санатын қабылдау Француз Ұлттық Әкімшілік ету Мектебі мамандарының қатысуымен конкурстық негізде жүзеге асырылсын.

6. Конкурстан ойдағыдай өткен және ҰЖМБ Мектебіне қабылданған адамдарға бұрынғы жұмыс орнындағы жалақысы мөлшерінде, жоғары оқу орындарының аспиранттарына арналып белгіленген стипендия мөлшерінен төмен болмайтындай стипендия тағайындалсын. Оқуды бітіргеннен кейін тыңдаушы оқуға түскенге дейін атқарған қызметінен төмен болмайтын жұмысқа орналастырылатынына кепілдік берілсін.

Облыстық әкімшіліктердің, орталық мемлекеттік органдардың кепілдемесімен оқуға түскен адамдардың қабылдау емтихандарын тапсыруға байланысты іссапары мен көлік шығыны жолдап отырған ұйымдардың қаражаты есебінен төленсін.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 15 қыркүйекке дейін аталған Мектепке бюджеттік, валюталық және басқа материалдық қаражат бөлуге байланысты мәселелерді қарайтын болсын.

Мектепке материалдық қолдау көрсету міндеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне жүктелсін.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстанның шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктері осындай академиялық ұйымдармен, атап айтқанда, дипломатиялық оқу орындарымен халықаралық байланыс орнатуға барынша көмектессін, сондай-ақ

1994 жылғы 1 қарашаға дейін Мектеп тыңдаушыларын мамандығы бойынша тағлымдама алу үшін шет елге жіберу және Мектепте дәріс оқуға шет ел мамандары мен профессорларын шақыру туралы шет елдердің сыртқы істер министрліктерімен және халықаралық ұйымдармен тиісті келіссөз жүргізісін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті